

Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 қазандағы № 5/9 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 қазанда № 5629 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 4 қазандағы № 29/15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 04.10.2018 № 29/15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. "Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" 2015 жылғы 01 қазандағы № 44/5 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 20 қазандағы № 5182 тіркелген, 2015 жылғы 28 қазандағы "Өскен Өңір" газетінің № 83 санында жарияланған) шешімінің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихаттың

сессия төрағасы

Ә.Әбдіқадырова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының жұмыспен

қамтуды үйлестіру және әлеуметтік

бағдарламалар басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

М.Делмұханов

12 қазан 2016 жыл

Шиелі аудандық мәслихат

хатшысы

Ә.Оразбекұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК